**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі т мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**МКҚК «Еркежан» бөбекжайы**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)
______________________________________________________________
Атбасар қаласы «Еркежан» бөбекжай-балабақшасы
Топ/сынып «Ботақан» ортаңғы тобы
Балалардың жасы 3 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) наурыз

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Наурыз** | **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.** Саптан қатарға бір-бірден қайта тұру. Бытырап жүгіру тапсырмасын оындай отырып, сапта жалғыз жүру, бытырап жүру.<br>Саптан шеңбер бойын қайта тұру, тапсырманы орындай отырып, бірінен кейін бірі шеңбер бойымен жүру; бытырап жүгіру.<br>Саптан қатарға бірі-бірден қайта тұру. Аялдай отырып, тапсырманы орындай жүріп жеке-жеке сапта аяқтың ұшымен жүру, бұралаң жолмен жүгіру. Бытырап жүгіру.<br>Саптан шеңбер бойын қайта тұру, тапсырыманы орындай отырып, бірінен кейін бірі шеңбер бойымен жүру.<br>**Негізгі қимылдар:** қырлы тақтайда жүру, табанға массаж жасау, дене жаттығуларын орындау барасында сақ болу.<br>Майтабанның алдын алу, табанға массаж жасау, дене жаттығуларын орындау барысында сақ болу.<br>«Мұрынмен тыныс алу », суық тиюдің алдын алу, дене жаттығуларын оындау барасында сақ болу. |
| | **Қазақ тілі** | **Дағдыларды қалыптастыру**:<br>1) өзі туралы айту (есімі, жасы, тегі);<br>2) өзінің отбасы туралы айту;<br>3) айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді айту (Сәлеметсіз бе?; Сау болыңыз; Рахмет және т.б.); |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4) Ойыншықтар мен суреттер туралы педагогтың үлгісі бойынша қысқа мәтіндер құрастыруға үйрету. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Білім беру міндеті**: аналар мерекесі жпйлы білімдерін толықтыру, сөйлем құрау іскерлітерін арттыру. Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Тәрбиешінің сұрақтарына толық жауап беруге, шартты белгілерді образдардан сәкестендіре білуге үйрету.<br><br>**Дамыту міндеті**:алған білімдерін тәжірибеде қолдану моторикасын дамыту; тілдік қарым-қатынасқа түсе отырып, бар білімдерін іс жүзінде қолдана білу ұабілеттерін дамыту; шығармашылық, байқағаштық қабілеттерін дамыту.Ұлттық салт-дәстүрді үйрете отырып, тілдік қорын, ой-өрісін дамыту. Байланыстырып сөйлеу қабілеттерін, ой-әрекетін дамыту.<br><br>**Тәрбие міндеті:** балаларды іс-әрекет арқылы адамгершілікке, инабатылыққа тәрбилеу. Табиғатқа деген сүйіспеншілік тәрбиелеу. Балаларды қазақ ұлттық мерекесін құрметтеуге, қастерлеуге тәрбилелеу.<br><br>Халық ертегілерін тыңдай білуге, табиғаттың бір бөлігі –жануарларды қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. |
| | **Көркем әдебиет** | **Білім беру міндеті:** Әңгіменің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап алу. Наурыз мерекесі туралы түсініктерін бекіту.<br><br>**Дамыту міндеті:** Есте сақтау қабілетін дамыту. Халықымыздың салт-дәстүріне қызығушылықтарын артыра отыры, баланың есте сақтау қабілетін және сөздік қорларын дамытып байланыстырып сөйлеуге дамыту.<br><br>**Тәрбие міндеті: Анаға**деген сыйластық, қамқорлық сезімге тәрбилиеу. Балаларды ұлттық дәстүрге тәрбиелеу |

| | | |
|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | **Міндеттері:** Беттестіру және тұтастыру тәсілдерін қолданып, қатар-қатар орналасқан екі заттар тобы арасында теңдік және теңсіздік орната білуді қалыптастыру. Ораналасқан теңдік және теңсіздік орнатуды үйрету; зат есімді сан есіммен үйлестіре отырып, «артық», «кем», «бірдей»,сөздерін сөйлеуде қолдану.<br>Баллаарға геометриялық пішіндерге сай келетін заттарды қоршаған әлем мен суреттерден табуды үйрету, оларды қоршаған әлем мен ертегілердегі заттармен салыстыру: шаршы-орындық, шеңбер-бауырсақ, үш бұрыш-үйдің шатыры және т.б. Геомертиялық пішіндердің түсі, формасы білімін бекіту.<br>ДМ. Ертегіге деген сүйіспеншілікке мен сабақмазмұнына деген қызығушылық тудыру.<br>ТМ. Зейін байқампаздық және қиялды дамыту.<br>Ом. «біреу,» «көп», «екі». Сандық түсініктерін бекіту, пішіндерді солдан оңға қарай орналастыру білу. «Бес» сандық түсінігімен танысу.<br>ДМ Зейін, логикалық ойлау және қиялды дамыту.<br>ТМ Патриоттық сезімге тәрбиелеу, қазақ тұрмысы, ою-өрнегі заттарына сәйкес қызығушылықтарын тудыру.<br>ОМ. Бір және көп бірдей заттарды қоршаған жағдайда таба білуді жетілдіру; шеңбер, шаршы, үшбұрыш геомертиялық пішіндерін және атау, жыл мезгілдерін атау.<br>ДМ Зейін, қиял және логикалық есептерді шеше білуді дамыту.<br>ТМ. Эстетикалық сезімге тәрбиелеу, жылдық көктем мезгіліне қызығушылық тудыру. |
| | **Құрастыру** | **Міндеттері:** Тірі табиғаттағы өзгерістер жайлы көзқарасын кеңейту; құрғақ және дымқыл қағаздарын қасиеттері жайында білімді пысықтау. Қағаз беттерін тең бөлуді үйрету, ақ түсті дымқыл қағаз беттерін көлемді үлкен пішінде өзгерту . Өзінің іс әрекетін тәрбиешеігің әрекетімен қиыстырып, гүлдер жайлы білімін пысықтау.<br><br>ДМ. Зейін мен түсті ажырату, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br><br>ТМ. Қыс табиғатының әдемілігіне деген қуаныш сеімін тудыру, өз бетінше әрекет жасауды үйрету.<br><br>БМ. Қаттарға ерекше көңіл бөле отырып, құрылыс бөлшектерінінен пойыз құрастыру, жалғастыру, үстіне салу сияқты құрылыс тәсілдерін пысықтау.<br><br>БМ. Заттарға ерекше көңіл бөле отырып, құрылыс бөлшектерінен пойыз құрастыру, жалғастыру, үстіне салу сияқты құырылыс тәсілдерін пысықтау. Тіректер мен бгендер сала білуге үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | ДМ. Ой өрісін дамыту, кеңестіктік бағдарлау, қиялын дамыту.<br><br>Тм Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлгі бойынша құрастыру, құрастыруға деген неитін тудыру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Міндеттері:** БМ. Көктем мезгіліндгі өзгерістер жайлы көз қарасын кеғейту; жұмыс барысында қолданатын құрғақ және дымқыл қағаздардың қасиеттері жайында білімді пысықтау. Қағазбен тең бөлуді үйрету, қағаздың беттерін ақ түсті бұлтқа, ал сары түсін-күн ретінде өзгертіп қою, ал қалған қағаздың қалдықтарынан шаршы жасап, оны бетіне орналастыру.<br>ДМ. Көру зейіні мен түсті ажырату, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>ТМ. Баланың көктем табиғатының әдемілігіне деген эмоционалды сезімін ояту, сурет салудан алған қуаныш сезімін тудыру.<br>Текшеден, тілігтен, кірпіштен, призмадан балаларға арналған төбешік құрылысын құрастыруды үйрету.<br>ДМ. Таптырлық, байқағыштық, кеңістік модельдеу, шығармашылық қиял, құрастыра білу шіберлігін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>ТМ. ҰОҚ дееген мазмұнына эмоциялық сезімін ояту, өз бетінше құрастыру және құрылыс жұмыстарына шығармашылықпен қарауға тәрбиелеу. |
| | **Сурет салу** | **Міндеттері:**Шаршы пішіндегі заттар  әсемдуге үйрету. Нүктелер мен тік сызықтар көмегімен, өрнекті шет жақтарына, бұрыштарына және ортасына орналастыру; негізгі түстерді білуді, тік сызықтар жүргізе білуді бекіту.<br>Қағаз бетінде бағдар ала отырып, қимылдардың дәлдігін дамыту.<br>Өз бетінше жұмыс істеуге ықластануға, жақындарына сыйлық жасауға тәрбиелеу.<br>Төртбұрышты пішіндегі заттарды бейнелеуге үйрету, тік бұрыш сызықтарды жүргізуді және оларды қиылыстыра білуді бекіту.<br>Суретті қағаз ортасына ірі етіп салу біліктілігін дамыту. Өз бетінше жұмыс істеуге ыждахатылыққа, өз жұмысы туралы әңгімелеуге, ықластылыққа тәрбиелеу.<br>Дәстүрлі емес сурет салу техникаларына қызығушылықты дамыту, тұрамыс заттарын бейнелейтін суреттердің  пішіндегі оюларды бояй білуді қалыптастыру.<br>Қарапайым сюжет құру, тік жәнеқиғаш сызықтарды, бояуларды сәкестендіре отырып күн мен көктемгі шөптердің суретін салуға үйрету. Бояуды ауыстыру кезінде қылқаламды жуу, бояуға жиі матыра отырып, ырғақты жағу, дөңгелек пішіндегі заттардың суретін бейнелеу және бояй білуді бекіту.<br>Байқампаздықты, қолдың көз моторлы қимыл үйлесімділігін дамыту.<br>Шығармашылық тәсілдемеге, орындалған жұмыстан қанағат алуға тәрбиелеу. |
| | **Мүсіндеу** | **Міндеттері:**Ересектердің көмегімен шығармашылық ойды дамыту, әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Дымков әшекейлеу элементерін пайдалана отырып, заттарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | безендіруге үйрету; бұрын өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту. «Таяқшаның» ұштарын біріктіре білу, әшекелеу элементтерін пайдалана отырып, заттарды бекіту бөліктерін қалыптастыру. Шығармашылық әлеуеттерін композициялық сзімдерін дамыту.Сәндік қолданбалы өнерлердің заттары арқылы эстетикалық талғамдарын дамыту. |
| | **Жапсыру** | **Міндеттері:** Түсі мен көлемі бойынша әртүрлі бөлцектерді қағаз бетіне орналастырып, жабыстыруды үйрету. Бөлшектердің шеттерін жанастырып, заттарды кеңістікте бір біріне дұрыс ораналастыруды үйрету; геометриялық пішін атауларын және бөлшек түстерін бекіту. Көз мөлшелерімен шамалауды, ойлау қабілетін, қолдың кіші моторикасын жетілдіру. Аппликация айраластыруға деген ынтаны арттыруға, мейрімділік пен көмек көрестуге тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.<br>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.<br>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>**Ән айту**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалардың кернеусіз бір қарқынмен ән айту қабілетін дамыту. Бір-бірін тыңдау кезінде табиғи дауыспен ән айтуды үйрету.<br>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптар (сыбызғы, металлфон, қоңырау, сылдырмақ, дабыл, маракас және барабанмен), және шу ойыншықтарын тануға және атауға үйрету.<br>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. |